

"Бірыңғай жер салығын есептеу және енгізу тәртібі туралы" нұсқауды бекіту туралы" 1999 жылғы 16 қыркүйектегі бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кіріс Министрлігі 2000 жылғы 7 ақпандағы N 109. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1090. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

54. "Бірыңғай жер салығын есептеу және енгізу тәртібі туралы" Нұсқауды бекіту туралы" 1999 жылғы 16 қыркүйектегі N 1138 бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс Министрлігінің 2000 жылғы 7 ақпандағы N 109 V001090_ бұйрығы. -----

"Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 22 қарашадағы N 485-1 Z990485_ Қазақстан Республикасының Заңын, "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 492-1 Z990492_ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Бірыңғай жер салығын есептеу және енгізу тәртібі туралы" нұсқауды бекіту туралы" V990968_ 1999 жылғы 16 қыркүйектегі бұйрыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) нұсқаудың 23-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Есепті жыл үшін бірыңғай жер салығын төлеу аумақтық салық

органдарымен келісім бойынша төлемдер екі мерзімге бөлініп жүргізіледі:

1 қазанға дейін - есепті кезең үшін төлеу көзделіп отырғанның кемінде 1/2 б ө л і г і н ;

есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін - салықтың жалпы сомасының қалған бөлігін.

Салық төлеушілер бірыңғай жер салығының барлық сомасын есепті кезең біткенге дейін алдын-ала төлеуге құқылы. Қожалықтың қызметі тоқтаған жағдайда бірыңғай жер салығының төленген сомасы қайтаруға немесе қайта есептеуге жатпайды.

Қожалықтың қызметі бірыңғай жер салығын төлеудің белгіленген мерзімдеріне дейін тоқтаған жағдайда салық органдары жер учаскесін ағымдағы жылы әр ай сайын иеленудің іс жүзіндегі уақытына қарай бірыңғай жер салығының сомасын қайта есептейді.

Қожалық (фермерлік) шаруашылықтар әрбір жалдамалы қызметкер, Шаруашылық Басшысы мен әрбір мүшесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 35 % мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді. Қожалық (жұмыс беруші) жалданған қызметкер үшін төлеу көзінен табыс салығын ұстауды, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын аударуды кіріс берілуіне қарай белгіленген мерзімдерде дербес жүргізеді.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер:

бірыңғай жер салығын төлеуге Заңда белгіленген мерзімде есепті кезеңнің әрбір айы үшін әрбір жалдамалы қызметкердің табыс салығын, әлеуметтік салықты төлеуді жүргізеді;

бірыңғай жер салығы бойынша декларация тапсыру үшін Заңда белгіленген мерзімде әлеуметтік салық бойынша декларация тапсырады;

зейнетақы заңдарына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын ұстау мен аударуды жүргізеді;

Заңға сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте мыналар бойынша төлеу және декларация тапсыруды жүзеге асырады:

1) өзіндік емес өндіріс тауарларын (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сату жөніндегі айналымдар бойынша қосылған құнға салық бойынша; 2) өзіндік емес өндіріс тауарларын сату жөніндегі айналымдар бойынша табыс салығы бойынша; 3) қажеттіліктің белгіленген нормативтен тыс мүлкі мен көлік құралдарына мүлік салығын және көлік құралдарына салық бойынша. Заңдарға сәйкес өзге де алымдар мен төлемдерді төлеу жөнінде міндеттемелер туындаған жағдайда (су үшін төлем, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер және басқалар) Қожалықтар оларды төлеуді жалпы белгіленген тәртіпте жүргізеді. 2) Нұсқау мынадай мазмұндағы 7 қосымшамен толықтырылсын: N 7 Қосымша _____ үшін бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған әлеуметтік салық

бойынша Декларация Салық төлеушінің атауы _____

_____ СТТН _____, мекен-жайы, телефон _____

Ауданы _____ облысы _____ Банк атауы _____

_____ банк шоттары _____

_____ Салық төлеуші N Көрсеткіш
мәліметтер бойынша _____

_____ 1 ҚР азаматтары және Қазақстан Республикасында тұрақты
тұратын шетел азаматтары мен аза. маттығы жоқ адамдар-басшы, шаруашылық
мүшеле. рі, жұмысшылардың жұмыс айларының жалпы саны _____

_____ 2 Айлық есеп
көрсеткіші _____

_____ 3 Осы топ бойынша салық ставкасы (АЕК-нен) 35 % _____

_____ 4 Осы топ бойынша бір
ай үшін бюджетке төлеуге тиісті әлеуметтік салық сомасы, мың теңге (2 бет x 3
бет) _____

5 ҚР азаматтары және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел
азаматтары мен аза. маттығы жоқ адамдар-басшы, шаруашылық мүшеле. рі,
жұмысшылары үшін әлеуметтік салық сомасының жиынтығы, мың теңге (1 бет x
4 бет) _____

_____ 6 Шетел мамандары мен шетел жұмысшылары үшін төлеуге тиісті әлеуметтік
салық сомасы, мың теңге* _____

_____ 7 Есептелуге әлеуметтік салық сомасы, мың теңге (5 бет
+ 6 бет) _____

_____ 8 Есепті кезең үшін салық төленді, мың теңге _____

_____ 9 Қайталап төлеуге тиісті салық,
мың теңге (7 бет - 8 бет) _____

_____ * Шетел азаматтары және Қазақстан Республикасында
уақытша болған азаматтығы жоқ адамдардың шаруашылық пайдалану кезінде 6-
жол толтырылды. Төлем мерзімі: 1 қазан _____ 1 наурыз _____

Заң алдындағы салық төлеушінің жауапкершілігі Біз осы Декларацияда
келтірілген мәліметтердің растығы мен толықтығы үшін Заң алдында жауап
береміз М.О. _____ Күні _____ (

Шаруашылық басшысының аты-жөні) (қолы) Салық органы _____

_____ (декларация қабылдағанның аты-жөні, (қолы)
тұлғаның лауазымы) Күні _____ Біртұтас жер салығын төлеушілердің

Әлеуметтік салық бойынша декларацияны толтыру жөніндегі басшылығы

1. Декларацияның 1-жолында жиынтықтағы Қожалық басшысының,
қызметкерлері мен мүшелерінің (ҚР азаматтары мен тұрақты тұратын шетел
азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар) жұмыс істеген айларының жалпы

с а н ы

к ө р с е т і л е д і .

2. Айлық есептік көрсеткіш тиісті жылға республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленеді. Орташа жылдық айлық есептік көрсеткіш (2-жол) 12 санына (жылдағы айлар саны) айлық есептік көрсеткіштерді жылдық сомаға бөлумен а й қ ы н д а л а д ы

3. Біртұтас жер салығын төлеушілер үшін әлеуметтік салық ставкасы (3-жол) қожалық басшысы, қызметкері және мүшелері үшін айлық есептік көрсеткіштен 35 % мөлшерінде Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген.

4. Қожалық басшысы, қызметкері және мүшелері үшін (4-жол) бір айға төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасы 2 және 3 жолдардың сомасын көбейту ж о л ы м е н е с е п т е л е д і .

5. Осы топ бойынша (5-жол) төленуге тиісті әлеуметтік салық сомасы 1 және 4 жолдардың сомасын көбейту жолымен есептеледі.

6. 6 жол қожалық еңбек қызметіне рұқсат бойынша Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың (мамандар мен жұмысшылардың) еңбегін пайдалану жағдайларында т о л т ы р ы л а д ы .

Осы топтар бойынша әлеуметтік салық сомасын айқындау тәртібі қожалық қызметкерлері - Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін әлеуметтік салық сомасын есептеу тәртібіне ұқсас. Мұның өзінде, шетел мамандары мен шетел жұмысшылары үшін әлеуметтік салық ставкасы тиісінше айдағы есептік көрсеткіштің бес және он есе айлық мөлшерінде белгіленгенін е с к е р у қ а ж е т .

7. 7-жолда 5 және 6 жолдардың қосу жолымен алынған есептеуге әлеуметтік салық с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

8. 8 жолда есепті кезең ішінде қожалық төлеген әлеуметтік салық сомасы к ө р с е т і л е д і .

9. 9 жолда 7 және 8 жолдардың айырымы ретінде алынған қосымша ақыға әлеуметтік салық с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

Декларацияны толтыру тәртібін бір қожалықтың мысалында қараймыз.

"Алуа" шаруа қожалығының құрамында ҚР азаматтары - 8 қожалық мүшесі, оның ішінде қожалықтың басшысы мен мүшелері бар, олар толық күнтізбелік жыл жұмыс істеді. Қожалық жыл ішінде 10 қызметкерді - Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтарын және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларды жалдаған . Олардың ішінде 7 адам 5 ай, 2 адам 1 ай жұмыс істеді.

Осы декларация бойынша есепті кезең болып 2000 жыл табылады.

Есепті кезеңде қожалық 21400 теңге сомасына әлеуметтік салық төлеген.

1) Қожалықтың басшысы, қызметкерлері және мүшелері жұмысының жалпы саны мынаны құрады: $(8 \times 12) + (7 \times 5) + (2 \times 1) = 133$ ай

2) Айлық есептік көрсеткіш 2000 жылы 725 теңге мөлшерінде белгіленген.

3) Біртұтас жер салығын төлеушілер үшін әлеуметтік салық ставкасы (3-жол) қожалықтың басшысы, қызметкерлері және мүшелері үшін айлық есептік көрсеткіштен 35 % мөлшерінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген.

4) Бір ай үшін бюджетке төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасы (4-жол) мынаны құрайды: $725 \text{ теңге} \times 35 \% = 254 \text{ теңге}$.

5) Қожалықтың басшысы, қызметкерлері және мүшелері үшін есепті кезеңде төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасы (5-жол) мынаны құрайды:
 $133 \text{ ай} \times 254 \text{ теңге} = 33782 \text{ теңге}$

6) 6 жол осы мысалда толтырылмайды, өйткені еңбек қызметіне рұқсат бойынша Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың еңбегін қожалық пайдаланбады.

7) Осындай жолмен, 7 жолға 5 жолда көрсетілген сома 33782 теңге көшіріледі

8) 8 жолда есепті кезеңде қожалық төлеген 21400 теңге әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

9) 9 жолда 7 және 8 жолдардың айырым сомасы ретінде алынған қосымша төлеуге тиіс $(33702 - 21400) = 12302$ теңге әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

2. Өндірістік емес төлемдер департаменті (Д.Баймұрзин): - осы бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілсін; - осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Өндірістік емес төлемдер департаментінің директоры Л.К.Баймұрзинге жүктелсін. 4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Министрдің м.а. Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.